



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1791.

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.12.27. N 1650 қаулысымен. ~P961650

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппараты қызметкерлерінің шекті санының негізінде 120 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, соның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ саны 11 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қазандағы N 1104 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1791 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігі орталық аппаратының Құрылымы

Басшылық

Емдеу-профилактика бас басқармасы

Денсаулық сақтау реформасы, талдама және болжам басқармасы

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бас басқармасы

Ғылым, білім және кадр жұмысы бөлімі

Денсаулық сақтаудағы экономика бас басқармасы

Медицина және фармацевтика өнеркәсібін дамыту бөлімі

Дәрімен қамтамасыз ету бөлімі

Дәрілік заттарды және медициналық техникаға бақылау және
сертификаттау бөлімі

Жалпы бөлім